

ЖАРКЕНТ



Айнасы

№4 (7), 23 ақпан, сенбі, 2019 жыл, jar-aina@mail.ru

«АТАМАН ДУТОВТЫ» АТҚАН КІМ?



СЕРГЕЛДЕН

Иә, «Әлемде талай қызық бар...», дегендей себепсіз салдар болмайтыны баршамызға аян. Кешқұрым ойламаған жерден қалта телефоным шыр ете қалды, байланысты қостым. Мен жұмыс жасайтын мектептің директоры Айтжамал Шағманқызы «Қали тез маған жолығып кетші, тапсырма бар» деп мекен-жайын айтты. Бардым, хал сұрасқан соң қолыма сыртында «Милиция бастығы Чанышев Қасымхан» деп жазылған қызыл папканы беріп, «ҰҚК сұратып жатыр, жақында мейрам күндері екен, мынадағы мәліметтерді ретке келтіріп, жүйелеп берсең және де мүмкін осы тақырыпта бір оқушы дайындап, ғылыми жұмыс қорғатарсың» деді күліп. «Қарап көрейін, материалдары жеткілікті болса» деп жауап қаттым. Үйге келіп бірнеше рет оқып шықтым, бәлендей жаңалық таба алмадым, бұ-

рыннан таныс мәліметтер. Қарандашымды алып реттеп, бір жүйеге келтіріп, артық жерлерін қысқарттым, материал дайын болды.

Содан осы папканың ішінде тұрған бұған дейін онша көңіл бөлмей селқостау қараған екі көк дәптерді қолыма алдым. Сыртында «Из воспоминаний Курмаева Хамита Ильясовича. Очевидца, лично знавшей Ходжамьярова и Чанышева. 6 февраля, 1921», екіншісінде «Дополнение об убийстве Дутова со слов Ходжамьярова рассказанно им 1934-35 г. тов. Курмаеву Х.И. и З. Сабирову и другим в момент когда он т.е. Ходжамьяров работал...» деген сөздер өзіне еріксіз назар аудартты. Асықпай парақтап оқып шықтым, таңданбасқа шарам жоқ, «атаман Дутовтың өлтірілуі» жайындағы әшейінгі ауызекідегі айтып жүретін аңыз әңгімелер мен бұрындары естімеген тың мәліметтер де осы көк дәптерлердің ішіне хатқа түсіпті. Япырай, өмір десеңші, жұмыр басты пенделердің тағдыр тәлейі де күнгей мен көлеңкеден тұрады-ау...

Себебі, бұл оқиға жайында Кеңес үкіметінің ақпарат құралдарындағы жариялануы мен түсірілген «Атаманның ақыры» фильміндегі жағдаяттар бір сарынды, ал, ауыл қарттарының әңгімелеріндегі «атаманның өлімі» жайлы мүлдем басқа, салмақтап зерделей білген жанға, арадағы айырмашылық жер мен көктей болатын. Неге десеңіз бірі қолдан жасалып бұрмаланған құпия болса, екіншісі ақырын, сақтықпен айғайламай айтылатын, жасандылықтан ада нағыз салиқалы ақиқаттың өзі еді.

Ал, енді мақаламыздың тақырыбы айтып тұрған «Атаман Дутов» жайлы қысқаша мәлімет беріп өтсек: Түп-тегі самаралық әскери казактардан тарайтын Александр Ильич Дутов Сырдария облысының Қазалы кентінде жорық үстінде дүние есігін ашқан. Балалық кезеңін Ферғана, Орынбор, Санкт – Петербург қалаларында өткізген ол, 1897 жылы Орынбордағы Неплюев кадет корпусын, ал, 1899 жылы сондағы атты әскер мектебін аяқтап хорунжий шенімен өзінің

«Өлеңім – өмірім»

22 ақпан күні аудандық кітапхананың оқырман залында абыздар мен аңыздар елінен шыққан, семсер жырдың қорғаны, Сырда туған сырбаз ақын, осы заманғы қазақ поэзиясына әсерлі, сапалы, көркем бір ағым кіргізген Ө.Тәжібаевтың 110 жылдық мерейтойына орай республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында «Өлеңім – өмірім» атты аудандық әдеби байқау болып өтті.

Байқауды өткізудегі мақсатымыз: Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты кешенді мақалалары және биылғы 2019 жыл – Жастар жылы болып жариялануына байланысты ұлы даланың тарихына, ұлы есімдерге, ақын-жазушыларымызға, сондай-ақ тарихи сананы жаңғыртуға арналған ұстаным-тұжырымдарды саралау, әдебиетімізді, тарихымызды тереңнен тануға ат салысу.

Екі кезеңнен тұрған әдеби сайысқа ауданымыздағы қалалық және ауылдық округтерден 23 қатысушы іріктеліп алынды.

Әдеби байқаудағы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау үшін әділқазылар алқасы құрылып, қатысушылардың ортаға салған өнерлерін тыңдап, сараптап, өз бағаларын берді.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар дегендей бас жүлдеге Кішішыған ауылының тұрғыны, 20 жастағы Мырзағали Сымбат Төлегенқызы лайық деп танылды.

1-ші орын дипломымен Айдарлы ауылының әкімшілігінде қызмет істейтін Қасенова Алмагүл Сейіткамалқызы және Үшарал орта мектебінің 10 сынып оқушысы Жолдыбай Алтай марапатталды.

2-ші орын дипломымен Әулиеағаш орта мектебінің 10 сынып оқушысы Алуа Асқар және Абай орта мектебінің 10 сынып оқушысы Кәмила Шаймерденова марапатталды.

3-ші орын дипломын Жаркент қаласындағы Жамбыл орта мектебінің 10 сынып оқушысы Динара Арманқызы және Үлкеншыған орта мектебінің 9 сынып оқушысы Әсел Рахатқызы иеленді.

Байқау соңында аудандық кітапхананың директоры Султанбекова Дәрия Бекжігітқызы жеңімпаздарды Жастар жылымен және алған марапаттарымен құттықтап, «Қазақстанның жастары – елдің басты байлығы. Еліміздің болашағы да жастар, сондықтан да сіздерге үлкен үміт артамыз. Жастар жылы – жастардың өзін дамытуына үлкен мүмкіндік беріп отыр. Еліміздің барлық жастарына тек сәттілік тілеймін!» - деп сөзін аяқтады.

Гүлбақыт БРАИМОВА,
Балалар кітапханасының меңгерушісі.

Кенже ИЛИМАХУНОВА,
Аудандық кітапхананың кітапханашысы.

әскери өмір жолын бастайды. 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғысқа өзі сұранып аттанады. Өміріне түбегейлі бетбұрыс әкелген 1917 жылғы ақ патша тақтан құлаған Ақпан төңкерісі еді. Оның жалғасы болған Ұлы Қазан төңкерісінің нәтижесінде Уақытша билік жойылып үкімет басына В.И.Ленин бастаған большевиктер келеді. Большевиктер үкіметін еш мойындамаған А.Дутов, алғашқы күндерден бастап-ақ оларға қарсы күрес жолына түседі. Сол, 1917 жылдың 25 қазанында №816 жарлыққа қол қойып, өз қоластындағы әскерилерге большевиктердің Петроградтағы билікті күшпен басып алғандығын мойындамауға бұйырады. Бірақ, жаңадан қаз тұрып келе жатқан Кеңес үкіметіне қарсы 1918 жылы көктемде республика аумағындағы Чехословак корпусының бүлігі кері әсерін тигізді. Антанта елдерінің қолдауымен болған бұл бүліктің соңы Ресейде Азамат соғысының басталғандығын білдірді.

(Жалғасы 4-5-бетте)



Ардагері ауғанның арамызда

Кеңес әскерлерінің Ауғаныстан жерінен шығарылғанына 30 жыл толуына байланысты «Ауғанның от жалыны» атты кездесу кешін Аудандық және Балалар кітапханасының қызметкерлері К.Илимахунова, Г.Ибраимова және А.Аязбековалар ұйымдастырып өткізді. Кешке Ауданымыздағы Ауған соғысына қатынасқан

ардагер жауынгерлер Шукейтов Бекбатыр Есмұратұлы, Исмаилов Жағда Манапұлы, Оңалбаев Сәрсенбай Оразханұлы, Қалиасқаров Батырбек Бодалханұлы, Достаев Лесбек Асейұлы құрметті қонақ болып келді. Сондай-ақ аталған шараға Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Тұрғанбеков Нұржан Ержанұлы, А.В.Луначарский атындағы орта мектебінің 6 «ә», 8 «а» сынып оқушылары, аталған мектептің кітапханашысы Сарикова Нұрсұлу және тарих пәнінің мұғалімі Ербол Мұқатай қатысты.

Кездесу кешінің тақырыбымен кең көлемдегі Ауған соғысының тарихынан мол мағлұмат беретін, Ауған соғысының ардагерлері жайында жазылған кітаптар, газет-журнал материалдары, мақалалар, деректемелер, фотоальбомдар қойылған кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кездесу Мемлекетіміздің әнұранымен басталып, оқушылардың әдеби монтажымен ұласты. Шара барысында Ауған соғысының ардагерлері сөз алып өздерінің әскери борышын өтеу кезіндегі басынан өткен қиын-қыстау күндерінен естелік әңгімелер айта отырып, жас өрендерді өз елін өз жерін сүйге, Отанға адал қызмет етуге шақырды. Шараның тартымды әрі әсерлі өтуіне өз үлесін қосқан Аудандық мәдениет үйінің әншісі Шойынбаева Көркемнің «Ардагерлерім», «Түркі қазағым», «Қазағым-ай» әндері нақышына келтіре орындалды.

Гүлбақыт ИБРАИМОВА

Жүрегі жырдан жаралған



Аудандық кітапхана мен Балалар кітапханасы қызметкерлерінің бірлесе ұйымдастыруымен қазақ халқының біртуар ұлы, поэзиядағы биік тұлға, саф өлеңнің жүйрігі, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Жүрегі жырдан жаралған Мұқағали – ғажайып біртұтас әлем» атты дивертисмент кеш болып өтті.

Шара басталар алдында ақынның өмірі мен шығармашылығы, артына қалдырған мол мұрасы жайында мағлұмат беретін кең көлемдегі «Алатаудың ақиық ақыны» атты кітап көрмесіне Балалар кітапханасының меңгерушісі Ибраимова Гүлбақыт Ырыскелдіқызы библиографиялық ұсыныс дайындап жасады.

Кешке Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Тұрғанбеков Нұржан Ержанұлы, Жаркент қаласы әкімі аппараты жастар ісі жөніндегі әдіскер нұсқаушы Ермеш Меруерт Бақбергнқызы және Х.Хамраев орта мектебінің оқушылары қатысты. Шарада ақиық ақынның «Автограф», «Аққулар ұйықтағанда», «Үш бақытым» тағы басқада шығармаларын Қырыққұдық ауылындағы Жаркент орта мектебінің оқушылары Таңжарық Дамир, Қалиев Ақжол, Абдукаримов Азамат, Тохтарбаев Сырым, Тохтарбаева Аяжан нақышына келтіре мәнерлеп оқыды. Шара барысында «Поэзияның серкесі» атанған ардақты ақынның өмір жолы, ұрпағына қалдырған таусылмас қазынасы өлеңдері жайында ұзақ айтылды. Дивертисмент кештің тартымды да әсерлі өтуіне аудандық мәдениет үйінің әншісі Несіпбеков Ерік пен Жаркент орта мектебінің оқушысы Молдағалиев Ерболат ақынның өлеңдеріне жазылған «Ана сен бақыттысың», «Есіңе мені алғайсың», «Қол созып құшақ жайған қандай адам» т.б. әсем әндерін тарту етті.

Жұлдыз СКАКОВА

«Ерлік – өлмейді, ер – ұмытылмайды»

«Еңбекші орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Рухани жаңғыру аясында Ауған соғысы аяқталуының 30 жылдығын атап өту мақсатында АЭД пән мұғалімі Данияр Агибаевтің ұйымдастыруымен «Ерлік – өлмейді, ер – ұмытылмайды» атты ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті. Кездесудің басты мақсаты – Ауған оқиғасының тарихи мағыналық ақиқатын ашу. Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсету.

Аталмыш шараға Ауған соғысының ардагерлері Исмаилов Жағда Манапұлы мен Әділбеков Құрманғазы Нұрахметұлы, осы мектеп ұжымында бірнеше жыл еңбек еткен, бұл күндері бақилық болған Қорғасбаев Сакеннің отбасы кездесудің қонағы болды. Алғашқы құттықтау сөзді мектеп басшысы Рысбаев Ғалымжан Қалиұлы бастады.

Бұдан соң ардагерлеріміз мәжіліс залына өтіп оқушылармен кездесті. Алдымен Ауған соғысында қаза болған жауынгерлерді бір минуттық үнсіздікпен еске алып, оқушыларымыз қонақтармен сұхбат жүргізді. Ардагер ағаларымыз балаларға ауған соғысы кезінде бастан кешкен оқиғалары жайлы, соғыстың қаншалықты ауыр, қиын екенін толық айтып түсіндірді. Жауынгерлердің әңгімесінен әсерленген жас балалардың көзінен ерекше ұшқын байқалды. Жауынгер сөзі жас буынның санасына ой салды, жүрегіне жетті. Бұл – ұйымдастырылған шараның мақсаты орындалды деген сөз. Шара мектебіміздің жас өнерпаздарының қатысуымен өткен концерттік бағдарламамен және мектеп оқушыларының С.Қорғасбаевті еске алу эстафеталық сайысымен жалғасын тапты.

Сөз соңында, кездесуге келген мектебіміздің ардагер ұстазы Байрахметова Күлжахан Байрахметқызы жылы лебізін білдірді. Мектеп басшысы Рысбаев Ғалымжан Қалиұлы ардагер ағаларымызға шексіз алғысын айтты.

Данияр АГИБАЕВ



Биыл Ауған жерінен Кеңес әскерінің шығарылғанына 30 жыл толып отыр. Міне, осы тарихи датаны атап өту мақсатында Панфилов ауданының Ауған соғысы ардагерлер кеңесінің бастамасымен, аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі мен аудандық білім бөлімінің өз ара келісіп бекітуімен аудан мектеп оқушылары арасында Жаркенттік жауынгер-интернационалистерді еске алу мақсатында футболдан кезекті ауыспалы кубокті турнирі өтті.

Қыс мезгілінде жабық спорт кешендерінде өткізілетін бұл жарыс биыл «Нұркент» ауылындағы «Пенжім» орта мектебінің талапқа сай спорт залында ұйымдастырылды. Жарыс алдында сап түзеген сегіз мектеп командалары атынан Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп лицейінің АЭД пәні мұғалімі Серік Тазабеков рапорт беріп, Еліміздің ән-ұраны орындалып, мемлекеттік ту көтерілді.

Жарыстың ашылу салтанатында алғашқы болып сөз алған, ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы подполковник Марат Тайболатов турнирге қатысушыларды құттықтай келіп, тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі жалынды жастардың қолында екендігіне баса тоқталды.

Одан кейін сөз алған Аудан әкімшілігінің ішкі саясат бөлім басшысы Марат Илипов өскелең жас ұрпақты отансүйгіштік, патриоттық сезімге тәрбиелеуге және де аудан спортының дамуына өзіндік үлес қосып отырған, үкіметтік емес ұйымдардың арасынан осы Ауған

Жауынгер құрметіндегі жарыс

соғысы ардагерлер қоғамына аудан әкімі атынан алғысын білдірді.

Бұдан соң аудандық Ауған соғысы ардагерлер кеңесінің төрағасы Талғат Теткеусизов өз сөзінде, бүгінгі егемен ел жастарын «Қазақстандық патриотизмге» тәрбиелей отырып, Ауған жерінде өз жауынгерлік-интернационалистік борышын адал атқарып, отқа түскен ерлер ерлігін бүгінгі ұрпақ санасына қалдыру мақсатында, аудан орталығындағы №6 мектеп-интернатында осы мектеп түлегі «КСРО-ның жауынгер-интернационалисі «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері, құрбан болғаннан кейін «Ауған халқының алғыс» жауынгерлік медалімен марапатталған Ербол Көншібаевтың атын беру туралы орынды ұсынысын білдірді. Осындай сауал мен осыдан 5 – 6 жыл бұрын Жаркенттік жауынгер-интернационалистердің бірі оқыған А.Луначарский атындағы орта мектебіне қазақтың даңқты әскери қолбасшысы Бауыржан Момышұлының есімі берілсе деген ұсынысымыз Республикалық ономастика комиссиясында өз оң шешімін тауып қабылданғанын жеткізді.

Бұдан кейін жарысқа арнайы шақырылып қатысып отырған сегіз командалар Қазақстан футбол федерациясы бекіткен ережеге сай,

жеребе бойынша екі топқа бөлініп, айналмалы жүйеде 14 ойыннан тұратын кездесулерден өз үздіктері мен жұлдегерлерін анықтады.

Бірінші топқа Алтыүйлік Ә.Қастеев а.о.м, «Пенжім» орта мектебі, Ақжазық орта мектебі мен қалалық Х.Хамраев атындағы орта мектебі түссе, екінші топқа Жаркенттік Жамбыл а.о.м, №6 мектеп – интернаты мен Көкталдық Абай а.о.м және бұрынғы Луначарский бүгіндері Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп – лицей командалары ойнады.

Бірінші топтан барлық қарсыластарынан басым болған «Пенжім» орта мектебі финалға шықса, Х.Хамраев мектеп командасы жұлделі орынға таласуға мүмкіндік алды.

Екінші топтан Жамбыл мен Б.Момышұлы атындағы орта мектептері өзара тең түсіп, бірдей 7 ұпайдан еншіленгенімен доп айырмасы жағынан Б.Момышұлы мектебі озып шықты.

Жұлделі үшінші орын үшін болған ойында Жамбылдықтар Х.Хамраевты 3-1 есебімен жеңді.

Жарыстың финалдық бәсекесіне шыққан Б.Момышұлы мектеп-лицейі мен «Пенжім» орта мектеп командалары арасындағы тартымды да тартысты өткен ойында негізгі және қосымша белгіленген уақытта

2 – 2 есебімен тең түсіп, кубок тағдырын ойын соңында соғылған пенальтиден Б.Момышұлы мектеп-лицей оқушылары ауыспалы кубокті өз мектептеріне алып қайтты.

Жарыс соңында жеңімпаз пен жұлдегер атанған командаларға сый – сияпаттар жасалып, осы жарыстың құрметті қонақтары Ауған соғысы ардагерлері қолынан, ауыспалы кубок пен тиісті дәрежелі грамоталар табысталып, әр ойыншылар мойындарына медальдары тағылды.

Сонымен қатар, турнирдің үздік ойыншылары атанған Арман Аманов (қақпашы), Мұқағали Ерғалиев (қорғаушы), Ильхам Курбанов (үздік ойыншы), Абылай Асқаров (үздік ойыншы), Дәулет Чамеш (үздік шабуылшы), Мәди Исаев (үздік ойыншы), Мирас Сейтқазы (үздік шабуылшы), Санжар Құрманжан (ең мерген ойыншы), Шахзат Садыров (ең жас ойыншы) мен Бекарыс Қазыбеков (ең үздік жас ойыншы) мақтау грамоталарымен марапатталды.

Сұлтанғазы ҚОҚАБИ



Ағаның алды ақ жайлау

Сырбаз мінез, ақылман ағаларымды көргенде менің де көңіліме қанат бітіп, көкжиегім кеңіп, адамдарға деген ілтипатым өсіп, арман асуым биіктей түсетінін байқаймын. Жүріс-тұрысынан, киген киімінен, сөйлеген сөзінен айналасына шапағат нұрын шашып тұрған ел ағалары өмірдің мәнін тереңдетіп, тіршіліктің сәні сары алтындай салмақты сабырда ма деп қаламын. Олар сол байсалды, байыпты қалпымен-ақ тілдескенін аузына қаратып, ақ пейілді ақылына жүгіндіреді.



Осындай сырбаз мінез ағаларыммен 2010 жылдың мамыражай мамыр айының бір күнінде жаркенттік кәсіпкер бауырым Серік Ақсубаевтың үйінде жолығып, етене танысқаным осы күнге дейін ойласам қуанамын. Өзіміз бала кезден жақсы білетін жерлесіміз, қоғам қайраткері, Қазақстан Парламенті мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов ағамыз туған жеріне досы Темірхан Досмұхамбетовты ерте келіпті. Өңірдегі ел-жұртпен жүздесіп, жергілікті халықтың жағдайымен танысқан кездесулерден кейін Қуаныш аға інісінің қолқалауымен, жолдастарын ертіп Серіктің шаңырағына бас сұққан екен. Астатөк дастарқан басында ел қалаулыларымен дәмдес болудың сәті түскеніне мен де қуандым.

Алғашқы таныстықтан-ақ Темірхан Мыңайдарұлымен шүйіркелесіп, әңгімеміз жарасып жүре берді. Бұрынғы спортшы, өмірінің басым бөлігін еліміздің спорт саласын алға сүйреуге арнаған Қазақстанның спорт және туризм министрінің ауыл шаруашылығына деген қызығушылығы мен оны дамытуға деген құлшынысы мені таң қалдырды. Әңгіме ауаның ауыл шаруашылық өндірісінің академигі атанған, даланың данагөйі екі мәрте Еңбек Ері Николай Никитич Головацкийдің кеңес кезеңіндегі жетістіктерін талдап айтып, нарық қатынасына өтпелі кезеңде жүгері өсірудің кенжелеп қалған салдарын сұрастыруы, оның өмірде жан-жақты жан екенін байқатқан. Тек арналы істі аңғартумен шектелген жоқ, тіпті жүгері тұқымын өсіру жөніндегі нанымды ойлары мен біліктілігі мені баурап алды. Көз ашқанан «дала аруын» баптауды даңғайыр дихандардан, Николай Головацкийдің бас бригадирі атанған әкем Тұрғанғазыдан үйренген, бүгінде соны негізгі кәсібім еткен маған осы өндіріс жайлы тыңғылықты тың жаңалықтар айтқаны тәнті етті. «Дала аруы» атанған дақылды жаңа технологиялармен өсірудің үрдістерін жіліктеп, жіктеп шыққаны оның бұл өндірісті ғылыми тұрғыда зертеп жүргеніне көзімді жеткізді. Бірер жыл оздырып барып Жаркент өңіріндегі ауыл шаруашылық өндірісімен жете танысу үшін Қазақстан Парламент мәжілісінің, сенат депутаттары, олардың арасында тағы да Бақытжан Жұмағұлов, Темірхан Досмұхамбетов, ғалым Абай Оразұлы Сағитов ағаларымыз бар 15 адам келіп, біздің «Ернар» ЖШҚ және жүгері дәнін ұқсататын Закир Кузиевтің «Крахмал-сірне зауытының» жұмысымен танысты. Осы жолы депутаттар жаркенттік жүгерішілердің тілектерін тыңдап, «дала аруын» өсірушілерге Үкіметтің субсидия бөлуіне ықпал жасады. Сол кезде

ШАПАҒАТ НҰРЫН ШАШҚАН ЖАН

мұның игілігін бүкіл облыстағы, еліміздегі жүгері өсірушілер де көрді.

Осындай кездесулер барысында жақын таныса, сырласа келе Темірхан ағамыздың Николай қарттан кейінгі екінші ұстазыма айналғанын мойындадым. Ол құрған «Байсерке Агро» холдингідегі өсірілген мал да, егін де еліміздегі ең алдыңғы қатарлы технологияларды тиянақты қолдану нәтижесінде жоғарғы көрсеткіштерімен өрістетуі өзгелерді таңдандырды. «Байсерке Агроның» егінжайында өсірілген жүгерінің биіктігі бес метрге жетіп, оның әр гектарынан 1500 центнерден өнім жиналды. Ал холдинг қарауындағы Голландтық қарала сиыр тұқымынан күн сайын 72 литрден сут сауылатыны кезінде мамандар тарапынан сенімсіздік туындатып, арнайы комиссия тексергенде бір сиырдан 77 литр сут сауылғанын журналистер жарыса жазғанын жұрт біледі.

Алматы облысының Панфилов ауданында «Байсерке Агроның» шет елдік озық технологиямен жасалған жылыжайы бар. Осы 4,5 гектар жерге жасалған жылыжайдан өткен жылы 800 тонна томат өнімдері өндіріліпті. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жыл сайынға халыққа Жолдауында Қазақстан агроқешенін әлемнің озық технологияларымен жарақтандыру жөніндегі тапсырмаларына осы «Байсерке Агро» холдингінің қарымды қарекеттері жауап береді. Еңбекпен, ізденіспен келген осы жетістіктерді Алматы облысының әкімі Амандық Баталов аймақтың аграрларымен жыл сайын жүздескенде жарқын мысал етіп айтқанан жалыққан емес.

Спорт жанашыры

Жаңылмасам 2013 жылы болуы керек, бірде жазда тағы да Қазақстан Парламент мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов ағамызбен бірге Жаркентке Темірхан Мыңайдарұлы келді. Бұл тұста Жаркент қаласының тұрғындары бір спорт орталығына зар болып жүрген. Аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында өткен депутаттармен кездесуде өңірдің құрметті қариялары Қуаныш ағамызға қаратып бірқатар проблемаларын айтты. Сол шешімін күткен мәселелердің қатарында аудан орталығына спорт сарайын салу жөніндегі тілектері де бар болатын. Бұл сауалдың орындалуын сайлаушылар алдында Қуаныш аға әріптесі Темірхан Мыңайдарұлына табыстау жөн екенін әзілдеп жеткізді.

Мүмкін сол сәтте жаркенттіктер тілегінің орындала қоятынына онша сене де қоймаған болар. Алайда мойынына аманат арқалап кеткен азамат өзінің уәдеге беріктігін, іскерлігін көп ұзамай-ақ танытты. Сол жылдың қыс маусымында-ақ Жаркент қаласының шығыс жақ шетінен үш гектарға жуық жер бөлініп, спорт сарайы салына бастағанда Темекеннің есімі ел ішінде үлкен құрметпен атала

бастады. Келесі 2015 жылдың қараша айында жалпы аумағы 2 гектар 800 шаршы метрді қамтитын спорт кешенінің жабық сарайында 984 шаршы метрлік ойын, 218 шаршы метр бокс, 35 шаршы метр тренажер залдары және басқа да мақсаттарға арналған бөлмелері бар спорт кешенінің құрылысы толық аяқталып пайдалануға берілді. Оның ашылу салтанатына Астанадан арнайы келген Темірхан Мыңайдарұлы Жаркент өңірі халқының риясыз үлкен алғысына бөленді.

Содан бері №2 Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі атанған бұл кешенде мыңға жуық жасөспірім спорттың 8 түрінен білім алады. Өткен 2-3 жылда спорт мектебінің түлектері аудандық, облыстық, республикалық, тіпті халықаралық додалы жарыстарда ауыз толтырып айтарлық жетістіктерге де жетті. Атап айтсақ 3 оқушы бокстан Алматы облысының чемпионы, 5 түлек облыстың күміс жүлдегері, волейболдан үш дүркін облыс чемпионы атанып, 5 волейболшы облыстың құрама командасында өнер көрсетіп жүр. Баскетболдан да, Грек-рим күресінен де осындай жетістіктер бар. Айнұр Аркинова есімді спорт мектебінің оқушысы Джиу-джитсудан Астана қаласында өткен әлем біріншілігінде 48 килограм салмақта күресіп әлем чемпионы атанды.

Әрине бұл Темірхан Мыңайдарұлының Қазақстан спортына жасаған ұланғайыр еңбегінің бір парасының ғана нәтижесі. Кезінде еңбек жолын қатардағы жаттықтырушыдан бастаған даңғайыр спортшы ҚР Парламентінің депутаты, Спорт және туризм министрі, Жастар ісі және спорт, туризм министрі, ҚР Президентінің іс басқарушысы, ҚР Парламент мәжілісінің депутаты, ҚР Ұлттық олимпиадалық комитетінің президенті, тағы басқа да мемлекеттік деңгейдегі жауапты қызметтерді абыроймен атқарған азамат.

Қазақстан спортын ол басқарған жылдарда әлемдік деңгейдегі барлық жарыстарда еліміздің жампоз спортшылары биік нәтижелермен жеңістерге жетіп, жас тәуелсіз Қазақстанның абыройын асқақтатқанын жақсы білеміз. Оның «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев», екінші дәрежелі «Барыс», «Ресей Федерациясы халықтарының достығы» ордендерімен және «КСРО еңбегі сіңген жаттықтырушы», «ҚазКСР еңбегі сіңген жаттықтырушысы», «Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері» атақтарымен марапатталуы қажымас еңбегінің лайықты нәтижесі. Қайда жүрсе де айналасына шарапат нұрын шашып жүретін қадірлі ұстазым әрі сыйлас ағамның 70 жасқа толған мерейлі мерекесінде осындай ойларымды ортаға салуды жөн санадым.

Тасқын ЖАПАРҚҰЛ,
«Құрмет» орденінің иегері,
Панфилов ауданының
Құрметті азаматы,
«Ернар» ЖШҚ төрағасы.



(Солдан оңға) «Ернар» ЖШҚ төрағасы Тасқын Жапарқұл, сенатор Бақытжан Жұмағұлов және «Байсерке Агро» холдингінің төрағасы Темірхан Досмұхамбетов.

(Басы 1-бетте)

Чехословак корпусы бүлікшілері Кеңес үкіметіне қарсы күштермен (ақ гвардияшылар, кулактар, кадеттер, эсерлер, меньшевиктер, «Алаш партиясы» т.б.) одақтасып, кеңес билігін құлатып Сібірдің және Қазақстанның біршама қалаларын өз қоластына қаратты. Дәл осы оңтайлы сәтті шебер пайдалана білген А.И.Дутов Орал мен Орынбор казактарын большевиктер билігіне қарсы көтерді. Нәтижесінде, Қазақстанның көптеген аумағында Кеңес үкіметі құлатылып және Ресейге қарасты Омбыда адмирал Колчак бастаған Уақытша Сібірлік ақ гвардияшылар үкіметі құрылса, 1918 жылы шілдеде А.Дутов Түркістан мен Сібір арасындағы қатынаста стратегиялық маңызы зор Орынбор аймағын басып алып қызылдарға үлкен қауіп төндірді. Дегенмен, көп ұзамай қарсы шабуылға шыққан Қызыл армия 1919 жылы күзде Колчак армиясын талқандады, осы бір жайсыз оқиғадан кейін А.Дутов екінші рет

бүккен дәптерлерге берейік, Курмаев Хамит Ильясұлының жазуы бойынша:

«Дутовтың өлімі» туралы З.Сабиров екеуі М.Ходжамьяровтың өз аузынан естіген, ол оқиға 1934 – 1935 жылдары аудандық партия комитетінің ұйғарымымен колхоздардың кіріс – шығысын тексеруге Надекке, ол кездегі атауы «Қызыл батрақ» колхозында кездескен. М.Ходжамьяровта МТС-тің кіріс – шығыс есебін тексеруге барған және екеуара жақсы қарым-қатынаста болған екен. Оны байқаған қасындағы бірге жұмыс жасайтын жолдастары Курмаев Хамит арқылы өтініш білдіріп «Дутовтың өлімі» жайлы Ходжамьяровтың өз аузынан естілері келетінін айтқан. Неге десеңіз сол бір қанды оқиға жайында әркім әртүрлі айтатын, оның қайсысы өтірік, қаншасы шындық екенін айыру мүмкін емес-ті. Келісімін берген ол тек жұмыстан кейінгі уақытта, яғни түнгі 11.00-де бөлмесінде күтетін болды. Айтқан уақытта Курмаев Х, Сабиров З, және П.Ф.Ивановтар жиналып, «Атаман Дутов» жайлы хикаяның тірі куәгері



«АТАМАН ДУТОВТЫ»

Орынбор казактарының қолбасшылығына тағайындалып, Көкшетау мен Атбасардан Жетісуға шегінуге мәжбүр болады. Жол азабын тартып әрең жеткен орынборлық казактар, бұл жердегі атаман Б.Анненковтан қолдау таппай қағажу көргеніне шыдамай, 1920 жылы наурызда Сарқанның Қарасырық асуы арқылы Қытай иелігіне өтуіне тура келеді. Сөйтіп, Алатау асып Шыңжаңдағы Дампань әкімшілігіне қарайтын Боротала өзені маңайына қос тігіп бір айдай аялдайды. Содан әрі Сүйдін қаласына нағашы сол маңайдағы Мазар, Шипанзе қыстақтарына табан тіреп орналасады. Етек-жеңін жиған атаман Дутов енді жоспар бойынша Жаркентке шабуыл жасап билікті қайта қолға алу әрекетіне көшеді. Оған дәйек ретінде 1920 жылдың күзінде жазылған хаттардан деректерді келтіре кетсек: А. Дутов «...Жетісу мен Ташкент арасының өн бойында жұмыс жүріп жатыр. Мен Харбинмен, Қырымдағы генерал Врангельмен байланыс жасап тұрамын».

Зерттеуші Д. Голиковтың «КСРО – дағы антикеңестік құпия ұйымның күйреуі» кітабындағы 1921 жылдың басында «ағылшын барлау қызметімен байланыс орнатуы» және Орта Азия басмашылар қозғалысының басшысы Эргашбай Бердиевке жазған хаты, мысалы; «...Мен сізбен байланыс жасауға үшінші рет әрекет етіп отырмын. Қазір біз Қытай шекарасындағы Жаркентке таяу Сүйдін қаласындамыз. Менің қоластымда 6000 адамға жуық жасақ бар, ...Жаркентке соққы берер сәтті күтіп жүрмін...» т.б. мәліметтер және Жетісудағы Кеңес үкіметіне қарсы астыртын ұйымдармен де тығыз байланыста болғандығы тағы бар. («Егемен Қазақстан» газеті, Ж. Ауыпбаев, «Ажалға аттанғандар» 2016 ж. 1-3, 6,9 қыркүйек сандарында) Ал, ендігі Кеңестік большевиктердің алдындағы негізгі мақсаты қайткен күнде де, буыны бекімеген жас мемлекетке төніп келе жатқан алапат қауіпті алдын алу, яғни, ес жиғызбай, шұғыл түрде атаман Дутовтың көзін жою болды.

Ендігі кезекті біршама құпияны ішіне



Мұқай Жігітеков (Байсымақов)

М.Ходжамьяровтың әңгімесін тыңдауға отырады, сонымен:

...Жоғарғы Сот мемлекетке аса қауіпті деп танылған атаман Дутовты өлім жазасына кесіп сұрттай үкім шығарады. Үкімнің орындалуын ВЧК өзінің қарамағындағы ТурЧК-ке тапсырады. Ол орган өзінен кейінгі Жаркенттің уездік ЧК-не бұйырады. Себебі, барлау қызметтерінің ақпараты бойынша атаман Дутов 1921 жылдың 21 мамырында қарауындағы бар әскери қосынымен Кеңес үкіметіне қарсы шешуші шайқасқа тымғылықты дайындалып жатқандығы мәлім болды. Осы қанды қырғынның алдын алу мақсатында Жаркенттік уездік милицияға қатаң түрде «қайткен күнде де Дутовтың көзін жою керек» деген құпия бұйрық берілді. Таңдау чекист Қ.Чанышевқа түсті. Неге десеңіз әкесі Мұхаметгали Чанышев бай болғандықтан үш әйел алған адам, ал, былайғы жұрт оны сыртынан «Князь» деп атайтын. Яғни, бай тұқымынан шыққан адамның Дутовқа байланысқа шығуы сол кезең үшін заңды құбылыс еді. Және де алдын-ала құрылған жоспарға ықпал бұл «құпия тапсырманың» тез арада оң бағытпен қарқын алуына да өз септігін тигізді. Сөйтіп, құпия жоспардың алғашқы қадамын Жаркент ЧК-сы 1920 жылдың күзінде Қасымханға құпия түрде демалыс беріп, жедел түрде Құлжа қаласына аттандыруымен басталды. Құлжаға үлкен әпкесі Хадишаны алған бай жездесі Алдағаров Фатихпен бірге барып ақ гвардияшылардың құрамасына басшы болып жүрген бұрынғы танысы Миловскиймен жолығысады. Екі жылдай бұрынғы кездесуі кезінде, «ағынан жарылған» Қасымханға аталмыш Миловский 1918 жылы атаман Дутовпен таныстыруға уәде берген еді. Бірақ, уәдесін орындай алмаса да қазақ офицері Абылайхановпен таныстырады, онымен етене араласып сеніміне кірген Қ.Чанышевты ол өз кезегінде атаман Дутовпен жүздестіреді. Осынау көптен күткен сәттілікпен жалғасын тапқан кездесу барысындағы сөз арасында Қасымхан «Жаркенттегі сақадай сай милицияның құпия түрде төңкеріске дайын» екендігінен хабардар етеді. Енді атаман екеуінің арасындағы хабар беруші алғашқы байланысшы тыңшысы Джамазатты дунған болды. Оның түрлі себептермен хабар берудегі тыңшылық қызметі ойдағыдай нәтиже бермеді. Содан дер уақытындағы хабар алмасу мен қарым-қатынасты нығайту мақсатында екінші «байланысшы» ретінде чекист Мұқай Жігітековты (Байсымақов) іске қосады. Сапардан сәтті оралған соң, атаманның сеніміне ие болу үшін ВЧК-ның шешімімен Қасымханның атынан осы Мұқай арқылы Дутовқа біраз қару-жарақ жіберіледі (винтовка, патрондар). Және атаманның ең сенімді адамдарының бірін шаруашылық басшысы ретінде жұмысқа тұрғызады. Қ.Чанышевтың Дутовпен етене араласуына Қытайдың уезд бастығы Шань Ганьның да көмегі зор болды. Шань Гань осы көмегінің қарымтасы ретінде Қытай аумағында ауыр қылмыс жасап өлім жазасына кесіліп, түрмеден қашып кетіп Жаркентте тығылып жүрген «қауіпті қылмыскерді» ұстап әкеліп беруін өтінеді. Себебі, сол үшін Шань Гань Пекиндегі жоғарғы басшылықтан

қатаң ескерту алған болатын. Атаманмен қоса оның да сенімді адамына айналу үшін Қасымхан амалсыз келісімін береді. Сөйтіп, әлгі қылмыскерді қаладағы тығылып жүрген жерінен тауып, көңілдегі күдігі үшін сейілту үшін алғашқыда милицияға қызметке алады. Біршама уақыттан кейін қазіргі Төменгі Пенжім маңайындағы Худояр елді мекеніне контрабандистерді тұтқындайсындар деген желеумен қасына төрт адам қосып, бесеуін шұғыл аттандырады. Түн ауа алаңсыз ұйықтап жатқан «қытайлық қылмыскерді» басқа төртеуі жабылып қол-аяғын байлап шекара асырып, қытайлық уезд басшысы Шань Ганьға апарып тапсырады. Мұқай арқылы қару-жарақтың жеткізілуі, Шань Ганьның тілегінің орындалуы және Дутовтың сенімді серігінің жұмысқа алынуы сияқты сіңірген еңбегі Қ.Чанышевті атаманның ең жақын, ең сенімді адамының біріне айналдырды.

Атаманның көзін жоюды алғаш жоспарлағанда ақылдаса келе Қасымхан бірінші байланысшы болған жансызы Джамазаты жұмсайды, 2 – 3 рет қанша оқталса да еш нәтиже болмайды, кейін екінші байланысшы Мұқайды жұмсайды оның да әрекетінен түк шықпайды, екеуінің де тапсырманы орындай алмауының себебі келген адамның әр қадамына, іс – қимылына өте сақтықпен қарайтын Дутовтың күзетінің мықтылығында еді. Бірақ, көбінесе кейінгі кезеңдегі екеуінің арасындағы құпия хат-хабар мен жаңалықтарды, құпия тапсырмаларды үнемі Мұқай жеткізіп отырған. Алда, қайткен күнде де осы бір қауіпті тапсырманы жүзеге асыру міндеті тұрғандықтан Қ.Чанышев амалсыздан гимназияда 2 – 3 сыныпты бірге оқыған бала кездегі досы М.Ходжамьяровты араластыруына тура келді. Өйткені Қ.Чанышевтың ет жақын туыстарының бәрін (онға жуық адамды) ЧК кепілдікке алып Жаркент түрмесінде қамауда ұстаған екен. Іс алға басып М.Ходжамьяровта Қасымханның пәрмені бойынша құпия тапсырма орындау барысында байланысшы тыңшы санатында бірнеше рет Дутовтың қабылдауында болады. Сөйтіп, 1921 жылы 6 ақпанда ВЧК-дан жедел түрде атаманның көзін жою туралы бұйрық келеді. Неге екені белгісіз хат жазып берген Қ.Чанышев орта жолда қалып, тапсырманы орындауды мойындарына алған Мұқай батыр мен М.Ходжамьяров Дутовқа кіріп, Ходжамьяров Қасымхан жазып берген хатты оқып отырған атаманды атып өлтіреді де, Мұқай күзетшілердің көзін жойып, қуғыншыларды адастырып Иінтал арқылы Жаркентке аман-сау жетеді. Сол қанды оқиға орын алған мезетте Қ.Чанышев, И.Ушурбакиев екеуі Құлжа қаласындағы бай жездесі Фатихтың үйінде болады. Олар ертесі атаманның үйі орналасқан Сүйдін қаласына өздерінің сенімді тыңшыларын жіберіп, Дутовтың өзі жіберген чекистердің қолынан ажал құшқанына анық көздері жеткен соң ғана, 8 ақпан күні Жаркентке қайтып оралуымен аталмыш қолжазба аяқталады (Орысшадан аударған автор).

Осымен мақалам аяқталды-ау деп ойлағанымен қателесіппін. Атамыз қазақ «Адамның дегені болмайды, Алланың дегені болалы» деп айтқанындай.

ойламаған жерден аталмыш «Атаман Дутовтың» өліміне қатысты тағы бір тың дерекке тап болдым. Оқи отырып өздеріңіз де ой елегінен өткізіп, саралап көрерсіздер...

«АЛМАС КЕЗДІК - ҚЫН ТҮБІНДЕ ЖАТПАЙДЫ...»

Бұл, мәселе былай жалғасын тапты - күні кеше, яғни 27.08.2018 жылы тау жақтағы Құрашының аузындағы Аққумбездің кімге тұрғызылғанын, ондағы арабша жазулардың не мағына білдіретінін сұрап білуге ауыл ақсақалы Жүнісов Тұрғанбек Абдуәлиұлы атаға барған едім. Себебі, «осы кісілер біледі-ау» деген Жаркентте тұратын бірнеше көнекөз қарияларға барып едім, әркім әртүрлі жорамалдап, нақтылап айта алмай екіұштылау жауаптар берді. Тек соңғы барғаным мырзақелді Шәріпқан ата ғана, «бір білсе, сол Лесновқадағы Тұрғанбек молда ғана білер, бұл жазу мен күмбездің тарихын» деді. Содан салып ұрып туған ауылымдағы бала кезден танытын қарияға барып, келісімін алған соң қалам мен дәптерімді жазуға ыңғайлап, диктофонды қостым. Іздеген сұрағымның жауабын тауып, көптеген қызықты тарихи деректерге қанықтым. Сөз арасында Мұқай батыр мен Дутов жайлы да әңгіме қозғалды. Тамағын бір кенеп алып ыңғайланып отырған атам, «әй, бала ақыр жазып отырсың ғой, енді есіме түсті «мен, әкем Әбдуәлидің «Мұқай батырдың өз аузынан естіген Дутов өлімі туралы хикаясын» да айтып берейін, жазып аласың ба?» – деді де әрі қарай сөзін жалғады. «...Әкем көкірегі ояу, көзі ашық, аймаққа атағы шыққан құралайды көзге атқан аңшы, көпке сыйлы адам болғанымен, мінезі кішкене қырсықтау адам еді, сол үшін де бірталай тарих пен құпияны өзімен алып кетті ғой. Бірақ, қайтыс болар алдында өзінің өкінішін білдірді, амал қанша бәрі де кеш еді» деп, сұраулы жүзбен жанарын маған қадады. Мен таңданған қалпымда не сенерімді, не сенбесімді білмей аңырып отырып қалдым, «сонда қалай, Әбдуәли ата Мұқай батырды жақсы білген ба?» деп сұрақ қойдым. Ойпырмай, балам-ай, екеуі де Суанның Құдайбердісінен, бірі - Тәсібек, екіншісі - Арыстан атасынан тарайтын, Бұрханда туылып жастайынан бірге өскен, туыс, ағалы – інілі бауыр адамдар ғой» демесі бар ма. «Содан, «әрине айта беріңіз, мен тыңдап отырмын, дайынмын» деп басымды ізеп келісім ишаратын жасадым. Өткен балалық шағы еске түсті ме, әлде әкеге деген сағынышы ма, жанарына жас үйірілген қария біраз отырып қалған үнсіздіктен кейін бойын тез жия қойып, ұлттан кейінгі жадыраған күндей жүзіне қуаныш ұялаған Тұрғанбек атам «ол оқиға былай болған екен» деп әңгімесін бастады:

...«Мұқайдың өз ауызымен әкем Әбдуәлиге айтқаны, – деп, тағы бір қайталап алды. Ғасырға жуық уақыт өтсе де осынау елден-елге аңыз болып әлі күнге дейін айтылып жүрген, ақ казактардың атаманы Дутовтың көзін жою туралы құпия тапсырманы орындауға бес адам барыпты. Екеуі

сыртта аттарды ұстап тұрған, оның бірі Мұқайдың інісі Көдек (кейбір мәліметтерде Көбек), үшеуі аулаға кірген біреуі есіктегі күзетшінің қасында қалып, Мұқай батыр мен М.Қожамьяров кеңсенің ішіне тікелей Дутовтың өзіне кіреді. Себебі, Қ.Чанышев пен атаман арасын байланыстырушы жансыз болғандықтан, сырттай үнемі құпия тасымалмен суыт жүретін бұларды танып алған күзетшілер де жөнсіз тоқтатуға қаймығатын. Қасында адютанты бар атаман асқан сақтықпен қадала қараған қалпы, суық жүзбен қарсы алады. Қасымханның ауыр жарақат алып келе алмайтынын және бар жағдайды қысқаша баяндағаннан кейін, хат беріп жібергенін айтып Мұқай қойнынан шығарған қағазын ұсынады. Оны Дутов оқып болған соң, тағы «нең бар?» дегендей ишарат жасайды, тез түсіне қойып екінші хатты ұсынады, атаман өте сақ алдындағы үстел үстінде оқтаулы револьвер, екеуінің әр қимылын қалт жібермей бақылауда ұстаған. Екінші хаттан кейін атаманның сұрланған жүзі жылып, босаңсып қалған сәтін дөп басқан Мұқай батыр үшінші хатты алғандай сыңай танытып көз ілеспес жылдамдықпен қойнындағы оқтаулы наганын суырып алған бойда Дутовты атып салады, ал, Қожамьяров адютантты атады, етпетінен құлаған атаманның қасына жетіп барған Мұқай дәлел ретінде оның екі погонын жұлып алып, далаға атып шығады, оқ дауысы шыға сала сол мезетте-ақ, даладағы үшінші адам есік алдындағы

Алмалыдағы Қойшыбай бақсының үйінде сол ауыл қарияларының осы оқиға жайында айтқанынан естіген әңгімелеріммен дәлме-дәл сәйкес келуі. Сәл аялдап чекист Н.Миловановтың «**Көрінбейтін майдан**» жинағындағы мәліметтерге зер салып көрелік: «... Күзет үйінен атып шығуға ұмтылған казактарды есік пен терезеге оқ атқан Қасымхан қайта қуып тығады. Зәрелері зәр түбіне жеткен олар қаруларын тастай сала төсектердің астына зып береді. Осы кезде іштен бірін – бірі сүйеген Махмұд Қожамьяров пен Мұқай Байсымақов көрінеді», және сол Н.Миловановқа М.Қожамьяровтың өзінің айтып бергені: «...алдымен Дутовты сұлаттым. Сонан соң өзіме атылған адютантты қақ маңдайдан тарс еткіздім. Ол жанып тұрған майшамды тұғырымен құлатқан бойы еденге гүрс етті. Мен атаманның аунақшып жатқанын көріп оны екінші рет аттым да, не болғанымды білмей, үстімді тер жауып, қабырғаға сүйене тұрып қалдым. Сол кезде Мұқай кіріп келіп, далаға сүйемелдеп алып шықты». Міне, өздеріңіз байқап отырғандай, бұл деректер жоғарыда жазылған Мұқай батырдың «**тағы бір сөзінің**» дәлелі іспетті. Ал, жоғарғы «**Көк дәптердегі**» естелік бойынша Қ.Чанышев дәл осы сәтте бұл жердегі атыста мүлде болмаған. **Сол қанды оқиға орын алған мезетте Қ.Чанышев, И.Ушурбакиев екеуі Құлжа қаласындағы бай жездесі Фатихтың үйінде болады. Олар ертесі атаманның үйі орналасқан Сүйдін**



Шежіре қарт Т.Абдуалиұлы.

жоюға іріктеліп алынған чекистерге жеке – жеке берілген мінездемеде, **Мұқай Байсымақов туралы – Жауынгер. Жүрек жұтқан батыл жігіт. Алып күштің иесі** – деген мінездеме берілген. 1917 жылғы Ұлы Қазан төңкерісінен кейінгі, Кеңес үкіметі жаңа орнаған 1918 жылдары С.Журавлев (кей деректе Я. Лакос полкі) бастаған қызылдардың отрядына қосылған. Жер жағдайын жақсы білетін, аймаққа аты шыққан батыр шекара асқан қазақ ауылдарын қайтаруда және Қапал, Абакумовка елді-мекендерін азат етуге қатысып, большевиктер үкіметіне сіңірген еңбегі үшін 1920 жылы Жаркент уездік милициясына қызметке алынады. Тек Кеңестік қызылдарға ғана қызмет етпей арғы бетке ауған талай қазақ ауылын «комотрядтың» қырғынан құтқарып, ажалдан арашалап алғаны жайлы және де күн демей, түн демей, орыспен де, қытаймен де атысып шекараны кез-келген жерден бұзып өтіп кете беретін көзсіз ерліктері туралы аңыз-әңгімелерді ауыл қарияларынан бала күнімізден естіп өстік.

Сол аласапыран заманда малсыз қалған кейбір руластарына бала-шағаның ырызғысы деп сауын сиырлар, «сойып жеңдер» деп ұсақ малдан талай рет айдап әкеліп берген жомарттығын, сондай-ақ, «ашаршылық жылдары Мұқай батыр өз ауыл-аймағына жоқшылықтың зарын тартқызбай, титтей де таршылық көрсетпепті» деген сөзді марқұм анам Күләйханнан да талай естіген едім. «Дутовтың көзін жою операциясынан» кейін 1921 жылдың 16 қыркүйегінде Ташкентке шақырылып, ВЧК төрағасының орынбасары Уншлицкий №303 бұйрығы бойынша есімі жазылған «Алтын сағат және наганмен» марапатталған.

1938 жылдары «халық жауы» деп ұсталатын болған соң амалсыздан шекара асып кеткен, кейін қапыда Қытайлардың тұтқынына түсіп, арғы беттегі қазақтардың атақты ақыны Таңжарықпен (руы Қызаи) абақтыда бірге отырған есіл ер, көп ұзамай Құлжа (кей деректе Үрімжі) түрмесінде қытайлардың қолынан көз жұмған. Таңжарық ақын кейін абақтыдан шыққанда «...екі рет сұраққа апарып қайтып әкелді, қатты қинағандары білініп тұр. Бірақ Мұқай батыр бойынан қорқу мен күйзеліс, өкініштің табын байқай алмадық. Нағыз арыстан жүректі оғлан екен, ата жау қытайларға титтей де жұмсақтық танытпай, асқақ, иілмеген қалпы үшінші рет сұраққа кетіп қайтып оралмады» деп көкірегі қарс айырыла айтқан сөзін кеше ғана, «тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы» Тұрғанбек атадан естігенде бір жағынан қазақтың қайсар ұлына сүйсінсем, екінші жағынан өзегімді өкініш өртеді. Мінекей, ағайын, Патшалық Ресейдің елесі болған «ақтардың», Кеңестік «қызыл империя» мен Қытай үкіметтері билігінің ешбірін мойындамаған, туған жерінің төсінде түз перісі көкжалдай еркін жортқан, туған елінің жадында аңыз болып сақталған қазақтың тағы бір арысы, жаужүрек батыры өз өмірін осылай аяқтаған екен...

Бала күнімде атаман Көрде туған - Көрғұлы, Рүстем – Дастан, Бозжігіт, Әтіке, Нұржеке, Мұқай, Шойнак, т.б. батырлар туралы көптеген әңгімелерді естіп өскен едім. Соның бір парасын кейінгі ұрпаққа керек болар деп, көптеген жылдар бойы санада сарытап болып, жаныма маза бермей жүрген, ауыл ақсақалдарының аманатындай болған осы бір қолда бар мәліметтерді өз тұсыман реттеп, жүйелеп, сіздерді хабардар етейін деген ниетпен қалам тартып отырған жәйім бар. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін патша көңіл оқырман өздеріңіз көңіл таразысына салып, сараптап аларсыздар деген ойдамын...

Ал, осы деректі беріп отырған Тұрғанбек Абдуалиұлы атамыз, 1938 жылы 15 мамырда туылған, алғашқы сауатын бала күнінде Қытайдағы дүнген мешітінің молдасы Арли ахуннан ашып, құранның толық нұсқасын бітірген сауатты, діндар адам. Қазіргі таңда Лесновка ауылындағы Талды мешітінің молдасы. Кириллицаны өз бетінше оқып үйренген, бірақ жаза алмайды. Оқыған кітаптары - «Мың бір түннің» 4 томы, «Рүстем – Дастан», «Манастың жыры», «Алмас қылыш», «Алтын Орда» т.б. көптеген діни кітаптарды оқыған көзі ашық, көкірегі ояу, өте мәдениетті зиялы адам.



Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Жаркент қаласы

АТҚАН КІМ?

күзетшіні жайратып салған екен. Сыртта Қожамьяров жоқ, Мұқай жанталасып ішке қайта кірсе, есі шыққаны сонша ол бөлмеде, екі қолымен басын ұстап алып түсініксіз бір сөздерді қайталап, сенделіп, айналып жүр екен. Қолтықтап алып сүйрелеген күйі аттарға жеткізіп, аяқ-қолында жан жоқ Қожамьяровты белінен қапсыра құшақтап атқа мінгізген соң бірі жетекке алып, екіншісі қамшымен атты сабалап қаша жөнеледі. Олар екі көше айналғаннан кейін барып даурыққан қуғыншылардың айғайы мен ретсіз атылған мылтық дауысын естиді. Содан, адасып қалған қуғыншыларды артқа тастап, Қорғастан аман-есен өтіп, шекара асып Иинтал арқылы Жаркентке келеді. ЧК арнайы тыңшыларын жіберіп Дутовтың өлімі расталған соң ғана, Қ.Чанышевтың кепілдікте Жаркент абақтысында отырған туыстарын босатып, ал, Мұқай өзімен бірге әкелген екі погонды дәлел етіп, әрең дегенде ақталып шығыпты. Және де Мұқай батырдың «**тағы бір айтқан сөзі**» деді, «қария алға қарай бір ұмсынып алып **«әлгі Махмұт адам өлтіріп көрмеген екен, не онысын ертерек айтпапты қан көргенде үрейленіп, есі ауып қалды, әйтеуір әрең дегенде құдай сақтап бәрімізде аман оралдық-ау...»** - деген екен. Және бір назар аударарлық мәселе, 1938 жылы 12 қаңтардағы Мұқай Байсымақовтың өз қолымен жазған НКВД өкіліне куәгер ретінде берген түсініктемесінде: «**Жаркент милициясының бастығы Қ.Чанышевті («сырт көз үшін») тұтқынға алардан бір ай шамасы бұрын ЧК-дан А.Дутовты өлтіру жөнінде тапсырма алған. ...Бұдан әрі операция басталады, сонда М.Қожамьяров пен М.Байсымақов ақ гвардияшылар генералын өлтіреді.**»

Және бір ескерте кететін жағдай осы бес сайыпқыранның бірі Солтанай Маралбаев болған екен. Тақымы мықты шабандоз, жас күнінен құралайды көзге атқан мергендігімен, сондай-ақ күндіз-түні жортқанда бағытынан жаңылмас зеректігі, жершілдігімен және өжеттігімен аймаққа аты шыққан Солтанай батырдың жасы алпыстан асса да ат үстінен түспеген кезі екен. («**Батыр атамздың бүгінгі ұрпағы Молот Солтанаев ағамыз аудан, облыс жұртшылығына танымал ақын, Білім беру ісінің үздігі және қаламгер әріптесіміз**»). Енді бұл жердегі менің айтпағым, осы айтылған әңгіменің бала күнімде атам Рамазанмен еріп қонаққа барғанда (Ақжарқын, Абдуали, Жұмаділ т.б. аталардың үйлерінде) дастархан басында жинала қалған ақсақалдардың сөз арасында «Ей, не сөйлеп отырсың, Дутовты атқан Мұқай батыр екенін бәрімізде білеміз ғой» деп дебейлеп айтқан сөздерін талай естігенімді, сонау 1990 жылдары

қаласына өздерінің сенімді тыңшыларын жіберіп, Дутовтың өзі жіберген чекистердің қолынан ажал құшқанына анық көздері жеткен соң ғана, 8 ақпан күні Жаркентке қайтіп оралуымен аталмыш қолжазба аяқталады.

Және 1921 ж. 11 ақпанында Ташкенттен Түркістан майданы Әскери Революциялық Кеңесінің мүшесі Г. Сокольниковтың атына жолданған мына бір жеделхатта: «...Операцияға басшылық етуші адам Дутовтың бөлмесіне кіріп келіп оған хат ұсынды да ұрымтал сәтті пайдаланып екі рет атып Дутовты және үшінші оқпен көмекшісін жайратты. Нүкте.

Келесі мәліметке кезек берсек, «АРНАЙЫ АДРЕСКЕ. МЕЙЛІНШЕ ҚҰПИЯ. Түркістан өлкесіндегі ВЧК уәкілетті өкілінің №44 бұйрығынан көшірме. 1921 жылғы 12 сәуір. Ташкент қаласы. 1. Құлжада атаман Дутовтың көзін жоюды тікелей ұйымдастырғаны үшін, Қ.Чанышевты ВЧК атынан «Дутовтың көзін жоюға тікелей басшылық жасағаны үшін» деген жазуы бар алтын сағатпен марапаттаймын». («Егеменді Қазақстан» газеті, Ж.Ауыпбаев, «Ажалға аттанғандар», 3 қыркүйек, 2016ж.)

Ал, енді түсініп көріңіз...(Қ.Чанышев) **Н.Миловановта «есік пен терезеден оқ жаудырады, бірақ ішке кірмейді», ал, Г.Сокольниковке жолданған жеделхатта «Дутовты өз қолымен атады», №44 бұйрық бойынша «басшылық жасағаны үшін» алтын сағатпен марапатталады, «Көк дәптер» бойынша «...жездесі Фатихтың үйінде болады»...**

Иә, бірнеше жылдан соң бұл тарихи қанды оқиғаның болғанына да, бір ғасыр уақыт болып қалыпты. «**Қазақфильм**» түсірген «Атаманның ақыры» киносында чекист Қ.Чадияров, естелік құжаттарда (**екі көк дәптерде, М. Қожамьяровтың айтуы бойынша**) М.Қожамьяров, көнекөз қариялардың ауыздан-ауызға беріліп келе жатқан деректері бойынша (Мұқайдың өз айтуы, Әбдуәли зәңгі, Тұрғанбек және Ақжарқын манпаң, Жұмаділ, Рамазан, т.б. аталарымыздың) Мұқай батыр. Бұл тарихи оқиғаның мән-жайы әлі күнге дейін белгісіз, аңыз қайсы, ақиқаты қайсы ешкім білмес құпия болып қалды ғой...?!

Ал енді азды-көпті қолда бар деректерге кезек берер болсақ: Мұқай Жігітеков (Байсымақов) 1888 жылы Бұрханда қарапайым қазақ жанұясында өмірге келген. Бозбала кезінен-ақ, малды ауылдарда өтетін жиын-тойлардағы көкпар, күрес, аударыспақ, т.б. түрлі ат және күш сынасу ойындарының асқан шебері болуымен қатар, жас кезінен қайсар батырлығымен ел көзіне түскен екен. Оған дәлел, атаманның көзін





білген, өз ісінің шебері Жанұзақ ағамыз қоғамдық жұмысқа белсене араласып, мектептің, колхоздың комсомол жастар ұйымында үгіт, насихат жұмыстарын бар қарқынмен жүргізіп, еңбектің ерен үлгісін көрсете білді. Өзінің білімділігі мен ұйымдастырушылық қабілетін ұштастыра отырып жастар жұмысын жоғары деңгейге көтергені үшін ағамыздың іс – тәжірибесі аудан, облыс, республика көлемінде таратылып, нәтижесінде – аудандық, облыстық жастар ұйымының, Қазақстан Орталық партия комитетінің бірнеше құрмет грамоталарымен марапатталып, аудандық «Даңқ аллеясына» суреті ілінеді. Еселі еңбегімен абыройы асып, беделі артқан ағамыздың жұмыстары үкімет тарапынан құрметтеліп 1978 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Ерен еңбегі үшін» және сол жылғы қуаныш қуанышқа ұласып, әріптестері арасында мерейі үстем болып «Қазақ ССР-нің оқу – ағарту ісінің үздік қызметкері» медальдарын төсіне тақты.

Осы бір жемісті жылдары өндірістік негіздегі қой шаруашылығын жан-жақты кешенді түрде дамытуды қолға алған өкімет Жанұзақ Ахметжанұлы жетекшілік ететін сыныптағы

Ұстаз жолы – ұлы жол

Иә, ұстаз сөзі халық арасында өте қадірменді, қасиетті ұғым. Ол әдептілік, кішіпейілділік, парасаттылық пен білімділіктің қайнар бұлағы, бастауы ретінде қабылданып, ел жадынан мықтап орын алған қастерлі мамандық. Ұстаздық атақтың мәні сіз бен біз ойлағаннан да терең әріде жатыр. Себебі, ұстаз болу деген – жанкешті еңбек, шынайы шеберлік пен ұшан-теңіз біліміңді, бар ғұмырыңды ұрпақ тәрбиесіне, яғни, болашаққа арнау. Аталмыш бала тәрбиесіндегі парасат майданы тәрбие мен білімнің киелі ордасы, мектеп партасынан басталады. Осынау білім мен мәдениеттің ошағында еңбек етіп, ел құрметіне бөленген, бар өмірін ұрпақ тәрбиесіне арнаған ел ағалары әр аймақта да баршылық. Сондай бірегей тұлғалардың бірі, бүгінгі мақаламыздың кейіпкері – Ақтанов Жанұзақ Ахметжанұлы ағамыз.

Жанұзақ Ақтанов 1941 жылы қаңтар айының 3-і күні Қытай Халық Республикасының Қорғас ауданына қарайтын Қаратасты елді мекенінде туылған. 1949 -1952 жылдары Шала-Арық бастауыш орта мектебінен алғаш әріп танып 4 сыныпқа дейін оқиды. Кейін, 1954 жылы Қожаназар атындағы орта мектепте оқуын жалғастырып 5-сыныптан кейін, 1955 жылдары «Достық» коммунасының мүшесі болып түрлі шаруашылық жұмыстарын атқарады. Содан, 1956 жылдары Құлжа қаласындағы, 1958 жылы Чипанзедегі оқу ордасында 7-сыныпты тәмәмдаған соң, алған білімін одан әрі жетілдіріп шыңдау мақсатында 1959 жылы Үрімжі қаласындағы жеті жылдық Мұнай-химия институтына оқуға түседі. Бірақ, амал нешік оқуды тастауға тура келді. Оған себеп сол жылы Совет – Қытай келісімі бойынша арғы беттегі қазақтар Қазақстанға қайта оралуға мүмкіндік алады. Қазақ тарихындағы қасіретті Ресей империясына қарсы болған 1916 жылғы Ұлт – азаттық көтеріліс пен 1917 жылғы төңкеріс және отаршылдық саясаттың мұрагері Қызыл империяның қазақ халқын жер бетінен біржола жоюды көздеп, қолдан жасаған 1931 – 1933 жылдардағы ашаршылық кезінде шекара асқан мындаған бауырларымыз тағдыр айдап елге, туған жерге қайта бастайды.

Туған елге оралған қандастарымыздың көшімен 1959 жылдың мамыр айында атамекенге келіп, Алматы облысы Панфилов ауданына қарасты «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозына (ұжымшар) орналасады. Колхоз жанынан құрылған Т.Ушуров басқаратын комсомол жастар звеносында еңбек жолын қайта бастайды. Өндірісте жұмыс істей жүріп Алтынсарин, кейін Абай атындағы орта мектепті 1963 жылы аяқтап, аттестатын алған Жанұзақ ағамыз Алматыдағы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының химия - биология бөліміне оқуға қабылданады. Келесі, яғни, 1964 жылы мемлекеттің алғашқы марапаты «Тың игерудің 10 жылдығы» мерекелік медалін кеудесіне таққан. Институтты жақсыға бітірген Ақтанов Жанұзақ жоғары білімді маман ретінде Панфилов ауданының Кішішыған ауылындағы орта мектепке химия – биология пәнінің мұғалімі болып орналасып, 1968 – 1978 жылдары ұстаздық қызмет жасайды. Ұжымда үлгі бола

мектеп бітіруші түлектерден қой өсіруші комсомол жастар бригадасын құрады. Жұмысы алға басып, ауданның, колхоздың әлеуметтік – экономикалық дамуына зор үлес қосқан, социалистік жарыстың жеңімпазы аталып үлкен жетістікке жеткен бригада одақ шеңберінде мадақталады. Ондағы еңбегімен үздік атанған екі шәкірті С.Нүсіпбекова мен К.Иманқұлова Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының иегерлері атанып ел құрметіне бөленді.

Өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, еңбек-қорлығы және ұйымдастырушылық қабілетімен башылық назарына іліккен Жанұзақ ағамыз 1982 жылы Сартөбе, ал, 1984 жылы Қоңырөлең ауылдарындағы орта мектептерге директоры болып тағайындалып, сеніп тапсырылған қызметін абыроймен атқарды. Одан кейінгі 1984 – 1986 жылдары аралығында Молодежный ауылында жаңадан ашылған Аудандық шаруашылықаралық Химиялық лабораторияның директоры болды. Содан бергі 1986 – 1995 жылдары Н.Н.Головацкий ауылындағы орта мектепте директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек етіп, зейнеттік демалысқа шықты. Көзі ашық, көкірегі ояу, сабырлылығы мен білімділігі бір көргеннен-ақ аңғарылатын дара тұлғаның ұстаздықпен қатар ішкі жан сезімін өлеңмен өрнектейтін, шағын мақала, естеліктер жазатын ерекше қасиеті бар еді. Жазған шығармалары аудандық, облыстық газет – журналдарда әрдайым жарияланып тұратын.

Кітапты көп оқитын қазақ тарихы, ұлттық тұлғалар мен рулық шежірелерді жатқа айтатын. Салмақты, не нәрсеге болса да байыппен қарайтын ағамыз сөзге шешен, әңгімешіл болатын. Өмірінің көп бөлігін ұрпақ тәрбиесіне арнап, оқу білімге шақырып, дәріс беруден шаршамаған ардақты ұстаз Жанұзақ Ахметжанұлы зейнеттік демалысында да қоғам жұмысынан қол үзбеген парасатты жан. Оған мысал:

- 1996 жылдан «Суан баба» қоғамдық ұйымының мүшесі;
- 2009 жыл «Ел сүйеніші» қоғамдық қорының атқарушы директоры;
- 2013жыл «Суан баба» қорының Жаскент ауылдық бастауыш ұйымының төрағасы;
- 2013 жылдан бастап Жаскент ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы;
- 2015 жылы ҚР Конституциясының 20 жылдық мерекелік медалымен марапатталған;

Өмірлік жары Маржан тәтеміз екеуі 40 жылдан астам уақыт бір шаңырақ астында ғұмыр кешіп, Қуаныш, Гүлнар, Гүлсара, Әсет атты төрт бала, яғни, екі ұл, екі қыз өсіріп, оқытып қатарға қосты. Келін алып, қыз ұзатты, бауыр еті балаларынан немере, шөбере сүйді.

Алладан пәрмен жетіп, былтырғы жылдың наурыз айында пәниден бақиға аттанған Ақтанов Жанұзақ Ахметжанұлының ғазиз ғұмырын сапалы білім, саналы тәрбие беруге, ұлт ұрпағының болашағына арнаған, адал еңбек ете отырып, ұлағатты ғұмырымен еліне үлгі болып, сый-құрметіне бөленген ұстаздық жолы туралы қысқаша мақаламыз осымен тәмәмдалды.

**Қали
ИБРАЙЫМЖАНОВ**

Ұстазбын, шәкіртін білімге баулыған...

Бекзат әнші

(Дәнеш Рақышұлына)

Астасып құдіреттің әлемімен,
Сусындап асыл өнер мәйегінен.
Асқақтатып ән салдың алты қырдан,
Халықтың қалыптасқан әуенімен.

Құйқылжытып әнші Әсет мәнерімен,
Ән шуағын жүрекке сан егіп ең.
Төрінде төгілдіріп туған жердің,
Шырқадың құдай берген өнеріңмен.

Жалғасы әнші Әсет, Біржан салдың,
әруағын тірілтіп, әнін салдың.
Солардың соңындағы тірі екертікш,
секілді Дәнеш аға, өзің қалдың.

Жалғасы сұлу саздың, сен дарасың,
Жырға бөлеп қазақтың кең даласын.
Еліңнің бақытына бола туған,
Әнші, ақын, ақберен бекзадасың!

Жаныңнан жаным жаралған!

Жан ана, жаныңнан жаным жаралған,
Ақ сүтіңнен, мейіріңнен нәр алғам.
Ет жүрегің елжіреп емізгенде,
Жаныма менің жан шуағың таралған.

Нұрлы күндей махаббатың мәңгілік,
Айтушы едің бесік жырын ән ғылып.
Құшағыңа ап құшырлана құшқанда,
Бақыт тілеп, тұрушы еді-ау таң күліп!

Іңкәр тілек

(Маржанға)

Ақсары жүзің шуақты,
Саф алтыннан құйылған нұр сияқты.
Жалт қараған жанарың,
Найзағайдың отындай дәл, қуатты!

Сыңғырлап шыққан назды үнің,
Әкетті тербеп жүрегімнің жаз гүлін.
Сезімнің қылын тербетіп,
жібергенде, сені іздеуге мәжбүрмін.

Езуге күлкің үйіріліп,
тоқтаған кезде шұқырына құйылып.
Үстіндегі бидай меңнен көз алмай,
тұра беріппін сүйініп.

Көз қиығың сонда мені баураған,
сиқырлы сыр жүрегімді арбаған.
Мийығыңнан мырс еткенде назданып,
қалай өліп кетпегеніме таңғалам.

Керімсал

Киіктің лағындай құлын мүсін,
ұқтырған махаббаттың құйын күшін.
Жүректі жарып өскен жауқазындай,
жан екенсің жаралған сүю үшін!

Пах, жүзіңнен аңсаған айым туып,
Сезімді шуаққа малындырып.
Сұңқардай шөл далада шөліркеген,
Іңкәр көңіл жүр сені сағындырып.

Туған күн

Келіппін өмірге қаңтардың үшінде,
Сақылдап сары аяз тұрғанда күшінде.
Сондықтан сен мені я түсің, түсіңбе –
Салқындау көрінсем қабағың түсірме.

Ұстазбын, шәкіртін білімге баулыған,
Ұрпаққа сыйлайтын ұлағат – бар мұрам.
О бастан мансап та, байлық та қумадым,
Атадан балаға қалатын жол қуам!

Білімді, өнерлі шәкіртім – мақтаным,
Солармен бірге атты әрқашан ақ таңым.
Жас келді зейнеттің есігін қағатын,
Жүрек жас болса да, аталық жастамын.

**Жанұзақ
АҚТАНОВ**

Алтын тамыр. Сабағы тік өсетін, көп жылдық шөп тектес өсімдік. Дәрілік шикізат ретінде оның барлық түрінің тамыры жиналады. Дұрыс жиналып, сақталған бұл өсімдік тамыры 2,5-3 жылға дейін шипалық қасиетін жоймайды. Алтын тамырдың құрамындағы экстракт ағзаның дене жұмысына шыдамдылығын арттырады, жүрек-қан тамырлары жүйесін жақсартады, жоғарғы жүйке жүйесінің ыр-ғағына жағымды әсер етеді, қан қысымын реттейді. Оны орнымен қолданбаса, кейбір адамдардың қан қысымын арттырып та жібереді.

Адыраспан. Дәрілік шикізат ретінде шілде айында бұтақшаларын, жапырағы мен гүлін жинап алады. Ол – улы өсімдік. Халық емшілері адыраспанды адамның құяңын, сегізкөздің жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Мал-дәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері ауруларын емдейді.

Арша. Оны кәдімгі арша, ем арша деп те айтады. Биіктігі 1-3,5 метр, қысы-жазы көгеріп тұратын, бұталы өсімдік. Қара күзде өсімдіктің піскен жемісі (қаракөк түстілері) жинап алынып, ашық жерде ептеп кептіреді. Халық емінде арша жемісі ежелден-ақ несеп айдайтын және қуықтың қабынуын басатын дәрі ретінде қолданылып келеді. Аршамен тіс тазалау пайдалы.

Ащы мия. Оны ақ мия деп те атайды. Көп жылдық шөп тектес өсімдік. Бүкіл шөбі мен тұқымы дәрі. Басты ем болатын аурулары: жедел және созылмалы ди-зентерияға; асқазан ауырып, аздап запыран құсқанда; шикан, сыздауық және басқа жарақаттың іріңдеуіне, жара-ларға; қышыма, бөріткен, ес-кілікті теміреткіге; ақ кір көп келуге. Улы дәрі. Абайлап қолдану қажет.

Ащы қарбыз. Көп жылдық өрмелегіш сабақты өсімдік, ұзындығы он сантиметрдей. Тамыр түйнегі етті, сабағы көп бұтақты, мұртша ширатылып өседі. Басты ем болатын аурулары: кеңірдекшелердің созылмалы қабынуына; кеуде толып, тынышсызданып ауырғанда; жүрек шаншып ауырғанда; емшек безінің шұ-ғыл қабынуына; жұтқыншақ ауырып, үн қарлығына. Ащы қарбыз тамыры қанды несеп ауруына ем болады.

Арпа. Бір жылдық шөп тектес дақыл. Халық медицинасында бойға қуат беретін арпа дәнінің қайнатпасы асқазан мен ішек ауруларын, денедегі бөртпелерді жазып, бүйрек-тегі тасты түсіріп, қуықтың қабынуына ем.

Дермене жусан. Онымен емдеу ғылыми медицинаға қосылған үлкен үлес. Қазақтың халық емшілері ішек құрты ауруына қарсы қолданған. Бабаларымыз бұл өсімдікті атам заманнан бері шет елдерге сауда керуендері арқылы көп мөлшерде жіберіп отырды. Қара жусанның тамырын тәбет ашуға, ішек, асқазан, бауыр, өт қалтасы ауруына пайдаланады.

Мойыл. Биіктігі 3,5-8 метрлік, ағаш немесе бұталы өсімдік, жемісі – қара сүйекше. Дәрілік шикізат – жемісі. Жеміс тұнбасы жас бұзаулардың іш өтуін тоқтатады. Шыбын-шіркей, кене т.б. зиянкестерді қыру үшін ағаш қабығының тұнбасы пайдаланылады. Ол үшін ағаш қабығының 100 граммы 5 литр суға ерітіліп, шыбын-шіркейі мол жерге шашылады.

Тобылғы. Раушан гүлділер тұқымдас, көп жылдық, шөп тектес өсімдік – тобылғының тұнбасы, майы көп ауру-ға ем. Гүлінің, жапырағының тұнбасымен малдың бүйрек, қуық ауруларын, асқазан – ішектің түйілуін, денесіндегі түрлі ісіктерді емдейді. Тобылғы майын малдың, адамның ісіп кеткен буындарына, сырқырап ауыратын тұстарына жағып, сырқатын жазады.



Алтын тамыр

Жаркент өңірінде өсетін дәрілік өсімдіктер

Марал шөп тамыры. Бұғылар күз, көктемде бұл өсім-діктің тамырын тұяғымен қа-зып жейтін болғандықтан, оны марал шөп тамыры деп атап кеткен. Тамыры қысқа, ірілеу, шашақталған, гүлдері – көк, көкшіл түсті, шар тәрізді тостағанша құрып, сабақтың ұш жағында жеке-жеке орна-ласқан. Оны мақсыр деп те атайды. Халық ертеден бері «алтын тамыр», женьшень тәрізді әл беретін дәрі ретінде пайдаланған.

Қара пышақ, күшәла. Қара пышақ – биіктігі 20-40 сантиметр болатын, көп жылдық шөп тектес, жартылай улы өсімдік, гүлінің ішкі беті қара түсті. Өзбектер оны күшәла деп атайды. Ортаңғы қабыршақ жапырақтың ішінен ұзындығы 5-8 сантиметр болатын, қарындаш тәрізді өзек-ше өсіп шығатын болғандықтан, орыстар оны карандаш дейді. Медицинада осы өсімдік тамырынан дәрі жасап, онымен өкпе туберкулезін емдеп келеді.

Қарандыз. Сазды жерде өседі. Түбін дәрі ретінде пайдаланады. Жөтелгенде түбірін аршып ауызға салады.

Жербаяуырсақ. Жусанға, басқа шөпке жабысып өседі, бауырсаққа ұқсас. Оны қуығы тұтылған адам емге ішеді.

Шырғанақ. Бұтағы тікенді, аса жуан емес, іші сары қатты ағаш. Оны ыстық-суық болып ауырғанда емдік дәрі ретінде қолданады.

Шетен. Биіктігі – 3-20 метрлік, жұқа сұрғылт қабықты, көп жылдық жабайы ағаш. Оның жемісін бауыр, өт ауруларын емдеуге, несеп, өт айдауға, бүйрекке және қуыққа байланған тасты түсіруге, іш жүргізуге пайдаланады.



Итмұрын. Жемісінің құра-мында илік заттар, С, К, Р, Е, В тобындағы дәрумендер, каротин, қант, лимон, алма қышқылдары, аздаған мөл-шерде белок, май, гликозидтер бар. Итмұрын жемісі, тұнбасы малға да, адамға да өте пайдалы.

Орман бүлдіргені. Биіктігі 5-25 сантиметр, көп жылдық шөп тектес. Жемісі шілде, тамызда піседі. Жемісі-дәрумендердің бай қоры. Асқазан – ішек жұмысын жақсартады, адамның тағам-ға деген тәбетін арттырады, ас қорыту органдарының қабынуын басады, бауыр, бүй-рек ауруларына ем. Өгей шөп. Биіктігі 15-20 см, күрделі гүлділер тұ-қымдас, көп жылдық шөп тектес өсімдік. Жапырағының астыңғы беті жұмсақ, жылы, үстіңгі беті қатты және суық болғандықтан, халық оны өгей шөп деп атаған. Ха-лық емшілері өгей шөптен жасалған тұнбаны жөтелді басатын дәрі ретінде қолданған. Өсімдіктің құрғақ жапырағын тынысы тарылып, ентігетін адамға темекі тәрізді қағазға орап тартқызып, емдеген.

Долана. Раушан гүлділер тұқымдасына жатады, бұта не ағаш. Қазақстанда 7 түрі Алтай, Тарбағатай, Іле және Жетісу (Жоңғар) Алатауында өседі. Жемісі тамыз – қыркүйекте піседі, дәруменге бай. Долананың 50 түрі қолдан өсіріледі, ол – дәрілік құнды шикізат. Жемісінің құрамында аскорбин, лимон қышқылдары, флавоноидтар, каротин, гиперозид, қант бар. Долана жүректің бұлшық еттерінің жиырылуын күшей-теді, қажығанда қуат береді, қан қысымын төмендетеді.

Сүйел шөп. Көкнәр тұқымдасына жатады. Халық емшілері сүйелшөп және сүт-ттіген шырынымен бауыр, өт ауруларын, сары ауруды емдеген.

Шай шөп. Халық оны шөп шай, сары мысық-табан алтын түсті күн сәулелі шай шөп, құрғақ гүл деп атайды. Оны медицинада өт айдайтын дәрі ретінде қолданады, бұл өсімдіктен аренарин деп аталатын антибиотик алынады.

Аскөк. Одан жасалынған дәрі-дәрмектер медицинада қан қысымын төмендетуге, қан тамырларын кеңейтуге, несеп, өт жүргізу, қақырық түсіру үшін қолданылады.

Жалбыз. Ерін гүлділер тұқымдасы, хош иісті, көп жылдық, кейде бір жылдық шөптесін өсімдік. Жалбыздың жапырағында ментол бар. Бұл өсімдіктен жасалатын дәрілер жүрек, өт жолдарын емдеуге шипалы. Ол жағымды иіс беретін әрі антисептикалық зат ретінде сұйық дәрілердің, тіс тазалығыш ұнтақтардың құрамына кіреді. Жиі кездесетін улы өсімдіктер Біздің жеріміздегі өсімдіктердің қай-қайсы да шипалық қасиетке бай. Алайда олардың ішінде улы өсімдіктерді дәрі-дәр-мек ретінде пайдаланғанда аса сақтық, білімділік, тәжірибелік қажет. Сонымен, өсімдік- медициналық препараттардың сарқылмас көзі. Улы деген өсімдіктің өзі пайдалы. Қазіргі заманда адам денсаулығын сақтау жайындағы күрес, бүкіл елдің қасиетті парызы. Өсімдік- тіршілік көзі, өзегі. Дәрілік өсімдіктермен айналысу денсаулықты сақтауға, отбасының қаражатын үнемдеуге, табиғат байлығын қорғауға көмектеседі. Қазіргі уақытта өз өлкемізде өсетін өсімдіктерді дер кезінде жинап, кептіріп, шөп қайнатпаларын дайындасақ жанға шипа, дертке дауа болары сөзсіз екені анық дәлелденген.



Гүлмира РЫСБАЕВА,
Н.Головацкий атындағы орта
мектептің биология пәнінің мұғалімі.

ИТТИҢ БӘРІ ТАЗЫ ЕМЕС...



Таяуда ғана ауданымызда алғаш ұйымдастырылған қазақы құмай тазыларының аудандық жарысы сәтті өтті. Қазақстанның түкпір-түкпірінен жанашырлық танытып, тәжірибелерімен бөлісіп, тілеулес болған барша қазақы құмай тазы жанашырларына алғыс білдіремін. Аздаған техникалық ақауларға қарамастан, жарысты қызықтап, қошеметтеп, алғаш ұйымдастырылғанын ескеріп келген көрермендер мен қатысушыларға үлкен рахмет айтамын.

Талайға қонақжайлылығымен танылған Талды ауылының таудай жігіттері бұл жолы да қарап қалмай, барша жиналған жұрты қошеметпен қарсы алып, жақсы құрметпен шығарып салды.

Жарыстың басты мақсаты – қазақ тазысының тұқымын сақтап қалу, санын арттыру және Халықаралық кинология қауымдастығының (FCI) алдында осындай тұқымның бар екенін дәлелдеп, мойындатуға – ауданымызда саятшылықты жанына серік еткен серілер атынан сәл болса да үлес қосу. Бұл мәселе бір жеке тұлғаның немесе ауданның, облыстың шешетін мәселесі емес. Өйткені бұл – ұлттық мәселе. Осыған дейін дейін түрлі себептермен ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп жатқан ұлттық құндылықтарымыз қаншама. Ұлттық ерекшелігіміз бен құндылықтарымызға енжар қарауымыздан көкпарды – қырғыз, қазыны – өзбек, қымызды – немістер патенттеп алды. Бұл – біз мойындасақ та, мойындамасақ та, ащы шындық! Ендігі қалған осы қазақы құмай тазымыз. Кейде осындай жағдайлар еске түскенде, сонша мәпелеп отырған тазымыз әне-міне дегенше жаттың жетенінде кетіп қалардай болып тұрады.



Енді біз осыған жеткізбеу үшін не істеуіміз керек? Қандай амал бар? Сұрақ көп, жауап аз! Ол үшін барша қазақ жігіттерінің бірлігі ауадай қажет. «Жіп біріксе – арқан болар, ер біріксе – қалқан болар» деген атам қазақ. Бірлікті ең алдымен өзімізден бастауымыз керек. Сондай мақсатпен таяуда ең алғаш тазы жарысын ұйымдастырдық. Ауданымыздың 12 ауылынан 50-ге жуық тазы қатысып, жарыс жоғары деңгейде өтті. Желдей жүйіткіген, қоянға адым аштырмайтын, түлкіні қырдан асырмайтын, қаша алмай елік алқынған, қасқырды алған алқымнан қазақы құмай тазысының жиынын тамашалаған халықтың қарасы да көп болды.

Жоғарыда айтылған Халықаралық ұйымның талабы бойынша – тіркеуге ұсынылған ит түрінің саны 1000 басқа жетуі тиіс. Тазының тек аты ғана емес, заты да бекітілген стандарттарға сай келуі тиіс. Дәл қазір Қазақстан кинологтар одағында тіркеуде тұрған 300-ге жуық қана тазы бар. Бұл Қазақстанда тазы санының аз екендігін білдірмейді. Тіркелмей жүрген тазылар жетерлік. Мәселенің бәрі осы тіркеуге келіп тіреліп тұр. Өйткені Жаркентте тазы көрмесі өтпеген. Республиканың басқа өңірлерінде өтетін көрмелерден жер шалғайлығынан ауыл тұрғындары қалыс қалып жатады. Алдағы уақытта



сондай үлкен көлемдегі тазы көрмесін өз ауданымызда ұйымдастаратын боламыз. Көрмеге аудандағы барша тазы асыраушыларды шақырып, Қазақстан кинологтар одағының өкілдеріне тазыларды бекітілген стандарт шарттары бойынша тексертеміз. Стандартқа сай келген тазыларды тіркеуге алғызып, тазының тазалығын растайтын құжат жасатамыз. Осылайша еліміз бойынша жиналу керек болған таза қаңды қазақы құмай тазының 1000 басқа жетуіне өз өңірімізден үлес қосқан боламыз.

Осындай қиындықтарға қарамастан, 15 жылдан астам уақыт тазы тұқымын асылдандырумен айналысып, дәстүрлі саятшылық өнерді жанына серік еткен сері жігіттер жетерлік. Солардың бірі әрі бірегейі жерлесіміз, Талды ауылының тұрғыны Жігер Жаңабердіұлы ағамыз. Жігер ағамыздың талай жыл тазы жүгіртіп, тазы тұқымын асылдандырып, жоғары жетістіктерге жетіп жүргендігін көпшілік біле бермейді. Себебі, ертеден бері жеті қазынаға кіргізіп, үй ішінен орын берген құмай тазыға бүгінде жеткілікті деңгейде көңіл бөлінбейді. Айта кетсек, Жігер ағамыздың ондаған жылдар бойы сапалы селекция жүргізуінің нәтижесінен шыққан «Тұйғын» есімді тазысы бүгінде сол ерен еңбегінің жемісі болып отыр. Ол тазысы Қарағанды қаласында «Қансонар» аңшылар бірлестіктері мен аңшылар шаруашылығы субъектілерінің республикалық қауымдастығының ұйымдастыруымен өткен республикалық «Тазы-2018» ұшқыр иттер курсингінде жүйріктігі жағынан жүлделі екінші орынды иеленді. Дәл сол көрмеде стандарт бойынша дене бітімі, қанының тазалығы жағынан бас жүлдені иеленіп, нағыз қазақы құмай тазы атанды. Сол жылдың көктемінде Алматы қаласында «Асыл тазы» ұйымының жетекшісі, тазы асылдандыру саласында аянбай еңбек етіп жүрген Нұрғали Нұрышов бауырымыз өткізген тазы көрмесінде Қазақстан кинологтар қауымдастығын ұйғарымы бойынша бас жүлде иеленді. Жаркенттің шағын ауылынан шығып, бүкіл Қазақстанға танылған бұл тазы бүгінде біздің мақтанышымыз.

Соңғы жарты жылда Жаркент өңірінде тазы ұстап, аңға салып, сауық құрып, ұлттық саятшылық өнерімізді ұстанып жүрген сері жігіттер арасында тығыз байланыс орнатып, ортақ мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында жұмыс жасап келеміз. Бұл да болса өте қуантарлық жағдай. Бүгінде Алмалы, Талды, Еңбекші, Тұрпан, Сұптай, Надек, Алтыұй, Пенжім, Үлкен шыған ауылдарының жігіттерімен whatsapp арқылы үнемі байланысып, сұхбаттасып тұрамыз. Кезі келгенде бірге саятшылық құрып, алдыңғы буын ағаларымыздан ақыл сұрап, тәжірибе алмасамыз. Аталмай кеткен ауылдардан тазы баптаған жігіттер болса, бізге қосылып, ортақ мақсатқа жетуге күш жұмылдыруға шақырамын.

Сонау ғасырлар бойы сақталып келе жатқан ұлттық саятшылық өнерімізді сақтап, дамытып, атадан балаға мирас ету – біздің міндетіміз. Ерте заманнан сұлулығы таңдай қақтырып, мүсіні тасқа қашалып, қажет кезде бір ауылды асыраған қазақы құмай тазының тұқымын сақтап қалу бабалар аманаты.

Еркебұлан ДӘУЛЕТКЕЛДІҰЛЫ,
Жаскент ауылы.



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТИ

Меншік иесі: «БАҚ» ЖҚ

Директор – Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ

Бас редактор – Молот СОЛТАНАЕВ

Бас редактордың орынбасары –

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ

Дизайнер – Әділет МҰСАХАЕВ

Газеттің эл.почтасы:

jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.

➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.

➤ Газет индексі - 65161

➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.

➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.

➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.

➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:

Алматы қаласы,

Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис

Алматы облысы, Жаркент қаласы,

Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер

Тел.: 8/705/412-78-48;

8/705/277-16-91;

8/777/971-57-67

Газет екі аптада бір жарыққа шығады.

Тапсырыс: №302